



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Қыркүйекте Қазақстанның 11 өңірінде жылдық инфляция баяулады

Астана қ.

2024 жыл, 16 қазан

Қыркүйекте елде **жылдық инфляция** баяулап, **8,3%-ды** (тамызда – 8,4%) құрады. Жылдық инфляцияның баяулауы 11 өңірде тіркелді, 7 өңірде жеделдеп, 2 өңірде өзгеріссіз қалды.

Жылдық инфляцияның ең жоғары мәні Астана қаласы мен Маңғыстау облысында тіркелді.

Қыркүйекте **азық-түлік** тауарларының бағасы ж/ж 5,1%-ға дейін (тамызда – 5,5%) баяулады. Осы топтағы тауарлар бағасының ең жоғары өсімі Алматы қаласында (7,7%), ал ең төмені Астана қаласында (2,1%) қалыптасты.

Азық-түлікке жатпайын тауарлар бағасының өсу қарқыны ж/ж 7,6%-ға дейін (тамызда-7,7%) баяулады. Ең жоғарғы мәні Түркістан облысында (13,3%), ең төменгі мәні Жетісу облысында (4,9%) тіркелді.

Ақылы көрсетілетін қызметтердің бағасы қыркүйекте бұрынғы деңгейде ж/ж 13,6% (тамызда – 13,6%) сақталды. Сонымен қатар, бағалар жалпы республикалық деңгейден Павлодар облысында (20,0%) біршама жоғары, Алматы облысында (7,7%) төмен өсті.

Қыркүйекте ел бойынша **бір айдағы инфляцияның** өсуі 0,4%-ды құрады. Бұл тарихи орташа деңгейден (2017-2021 жж. қыркүйекте – 0,3%) жоғары.

Толық ақпарат Ұлттық Банктің [интернет-ресурсында](#) бар

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz